

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Стратегиялық даму және сапа комитетінің №1 мәжілісі**

Түркістан қаласы

08 қазан 2021 жыл

Онлайн режимде, сағат 15:00.

Қатысқандар: Комитет мүшелері -18 адам.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау, комитет ережесін қайта бекіту;
2. 2021-2022 оқу жылына сапа бойынша мақсаттарды бекіту;
3. Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесіне (УЕ-ХҚТУ-075-2021) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасын талқылау;
4. 2021-2022 оқу жылына оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттарының индикативті жоспарларының көрсеткіштері туралы;
5. Әр түрлі мәселелер:
  5. Ішкі аудитті өткізу және ұйымдастыру құжаттандырылған процедурасын (ҚП-ХҚТУ-9.2-2021) бекіту;
  - 5.2 ТСИ ресертификация аудиті туралы;
  - 5.3 Даму Стратегиясының жаңа индикаторлары туралы.

**Тыңдалды:**

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева университеттің Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің 2021-2022 оқу жылына арналған комитет мүшелерінің құрамы,комитет атқаратын жұмыстардың маңыздылығына тоқталып,жұмыс жоспарының жобасымен және біршама өзгерістерге ұшыраған комитет ережесімен таныстырды. Сонымен бірге алдағы уақытта қажеттілікке орай жұмыс жоспарына толықтырулар енгізілуі мүмкіндігін ескертті. Мәжіліске онлайн режимде қатысушылар комитет мүшелерінің құрамы (қосымша тіркелді), комитетте қаралатын мәселелері жөнінде қолдайтындарын білдірді. Онлайн дауыс беру нәтижесінде, ұсынылған комитет мүшелерін құрамын сайлау және комитеттің 2021-2022 оқу жылы бойынша жұмыс жоспарының жобасын және комитет ережесін (қосымша тіркелді) бекіту жөнінде шешім қабылдады.

**Шешім:**

Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің ережесі, құрамы және 2021-2022 оқу жылы бойынша жұмыс жоспары төменде ұсынылған жобада қабылданын:

**Стратегиялық даму және сапа комитетінің  
2021-2022 оқу жылына арналған мәжілістер ЖОСПАРЫ**

| №  | Қарастырылатын мәселелер  | Жауапты тұлғалар   |
|--|---|--|
| <b>1-мәжіліс 2021 жыл, қыркүйек –қазан</b> |   |  |
| 1.   | Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау, комитет ережесін қайта бекіту                    | Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, комитет мүшелері |
| 2.   | 2021-2022 оқу жылына сапа бойынша мақсаттарын бекіту туралы   | Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы           |
| 3.   | УЕ-ХҚТУ-075-2021 Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесіне енгізілетін өзгерістер мен | Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы           |

|   |   |   |
|---|---|---|
|   | толықтырылулар жобасын талқылау   |   |
| 4.                                      | ОПҚ және ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер және ҒЗИ-ның индикативті жоспарлары көрсеткіштері туралы           | Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы  |
| 5.                                      | Әртүрлі мәселелер   |   |
| <b>2-мәжіліс 2022 жыл, қаңтар-ақпан</b> |   |   |
| 1.                                      | Әлемдік рейтингтерге (QS, THE және т.б.) қатысуды ұйымдастыру туралы  | Стратегиялық даму және ғылым вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы |
| 2.                                      | Отандық рейтингтік агенттіктерінде (АРТА, БСҚА) институционалды және бағдарламалық рейтингіне қатысуды ұйымдастыру туралы | Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы  |
| 3.                                      | Сыртқы аудит нәтижелері туралы  | Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы  |
| 4.                                      | Әртүрлі мәселелер   |   |
| <b>3- мәжіліс 2021 жыл, маусым</b>      |   |   |
| 1.                                      | Даму Стратегиясының оқу жылы бойынша орындалуы туралы   | Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы |
| 2.                                      | Университет құрылымдарында 2021-2022 оқу жылының ішкі аудит нәтижелері туралы   | Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы  |
| 3.                                      | Әртүрлі мәселелер   |   |

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Даробаев, 2021-2022 оқу жылына арналған университеттің сапа бойынша мақсаттарының жобасымен таныстырды. Ол ұсынылып отырған университеттің сапа бойынша мақсаттарының жобасы алдын ала танысу үшін таратылғанын ескертіп, университеттің Стратегиялық жоспарына сәйкестілігін, мақсаттарды орындау бойынша міндеттер мен көрсеткіштердің әрқайсысының маңыздылығы жөнінде жеке-жеке тоқталды. Комитет мүшелері ұсынылып отырған сапа бойынша мақсаттары жобасын қолдайтындықтарын білдірді.

| №  | Мақсаттарды орындау бойынша міндеттер     | Мақсаттардың орындалу көрсеткіштері   |
|----|---|---|
| 1. | Білім беру үдерісінің сапасын арттыру.    | - Қосдипломды білім беру бағдарламаларының саны – 2;<br>- Minog каталогын әзірлеу және әрбір ББ бойынша кемінде 1 minog бағдарламасын білім беру траекториясына міндетті енгізу – 6.  |
| 2. | Оқуда инновацияны дамыту.                 | - Қолданыстағы білім беру бағдарламаларының қолданбалы пәндері бойынша кейстер бойынша оқуға біртіндеп көшуді қамтамасыз ету – 100 %;<br>- Университет ББ пәндерін ХҚТУ ұжымы шығарған өзіндік оқулықтармен, оқу құралдарымен және әдістемелік ұсынымдармен қамтамасыз ету – 15 %;<br>- 280 оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар дайындау;<br>- Аграрлық факультеттің тұжырымдамасын әзірлеу – 100 %; |
| 3. | Болон процесінің қағидаттарын іске асыру. | - 2-4 курс студенттері контингентінен ішкі/сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша   |

|    |   |  |
|----|---|--|
|    |   | <p>оқитын студенттердің үлесі 3 %;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Университетте тұрақты білім алатын шетелдік студенттер үлесі – 15 %;</li> <li>- Мемлекеттік грант иегерлерінің білім алушылардың үлесін арттыру (білім берудің барлық деңгейлері бойынша) – 35 %;</li> </ul>   |
| 4. | Университеттің кадрлық әлеуетін күшейту.                                  | <ul style="list-style-type: none"> <li>- ОПҚ-ның ғылыми дәрежелігін 45 %-ға жеткізу;</li> <li>- Түркия мен басқа елдердің шақырылған оқытушыларының үлесі – 10 %;</li> <li>- ОПҚ сыртқы / ішкі академиялық ұтқырлығы – 1 %;</li> </ul>   |
| 5. | Университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту.          | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Әлемдік рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдарының санын 120-ға жеткізу (Thomson Reuters, Scopus, Elsevier);</li> <li>- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізім бойынша ғылыми журналдарда, жинақтарда жарияланымдар – 600;</li> <li>- ҚР БҒМ және басқа мекемелердің гранттық жобалары – 14;</li> <li>- Отандық басылымдарда және жақын және алыс шетел басылымдарында монографиялардың жариялануы – 30;</li> <li>- Коммерцияландырылған жобалар саны – 4;</li> <li>- Түркі тілдес мемлекеттерде «Ясауитану» ғылыми орталықтарының ашылуы.</li> </ul> |
| 6. | Жастар саясаты және студенттердің бастамаларын дамыту.                    | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Спорт, өнер саласындағы жүлдегерлер саны: халықаралық деңгейде – 28; республикалық деңгейде – 144;</li> <li>- Студенттерді, талантты жастарды азаматтық, патриоттық, көшбасшылық қасиеттерді дамыту мақсатында қоғамдық-саяси және әлеуметтік іс-шараларға тарту – 100;</li> <li>- Әлеуметтік қорғалмаған және дарынды, белсенді жастарды қолдауға бағытталған қаржыландыру үлесі – 3 %;</li> <li>- Студенттерді, мүгедек студенттерді, жетім студенттерді, отбасылық студенттерді әлеуметтік қолдау жобаларын әзірлеу – 3;</li> <li>- Жатақханамен қамтамасыз етілген студенттердің үлесі – 50 %.</li> </ul>                         |
| 7. | Корпоративтік басқару мен бәсекеге қабілеттілікті тиімді жетілдіру.       | <ul style="list-style-type: none"> <li>- QS ЕЕСА «Дамушы Еуропа және Орталық Азия» рейтингінде - 170 орын;</li> <li>- Webometrics – 6 500 орын;</li> <li>- ҚР жоғары білім беру ұйымдары арасында – 5 орын;</li> <li>- «Атамекен» ҰКП ұлттық рейтингіндегі университеттің білім беру бағдарламаларының позицияларын жақсарту +2.</li> </ul>  |
| 8. | Университет кампусын ұлғайту және инфрақұрылымды дамыту.                  | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жөндеуден өткен ғимараттар мен құрылыстардың саны – 1;</li> <li>- Университет аумағын абаттандыру және көгалдандыру – 25%.</li> </ul>   |
| 9. | Материалдық техникалық және оқу-зертханалық базаны жетілдіру және цифрлық | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаны жаңарту – 50 %;</li> <li>- Аудиторияда интерактивті сабақтар өткізуді қамтамасыз ету үшін мобильді жиһаз сатып алу және</li> </ul>   |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  | трансформация (digital tranformation). | жаңарту (трансформер-үстелдер, эргономикалық орындықтар және т. б.) – 20 %;<br>- Кітапхана қорларын жылдық жаңарту үлесі – 0,5 %;<br>- Университеттің сандық платформасын құру, - ---- Paperfree (E- University және Smart-Campus) жүйесіне көшу –10 %;<br>- Компьютерлік және ұйымдастыру техникасын жылдық жаңарту үлесі –10 %. |
|--|--|---|

**Шешім:**

Университеттің 2021-2022 оқу жылына арналған Сапа бойынша мақсаттары бекітуге ұсынылсын. Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының бас сарапшысы Т.Көшербаев. Мерзімі: 2021ж. 15 қазанға дейін.

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесіне (УЕ-ХҚТУ-075-2021) енгізілетін өзгерістер мен толықтырылулар жобасын талқылау және университеттің Сенат мәжілісіне ұсыну мәселесі жөнінде комитет төрайымы жалпы таныстырып өтті. Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев өз сөзінде, Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі жыл сайын ішкі рейтинг көрсеткіштерін жақсарту мақсатында ұдайы оң өзгерістерге ұшырып, жетілдіріліп келе жатқан жүйе екендігін атап айтты. Сонымен қатар, аталған ережеге ұсыныстар негізінде біршама жаңа индикаторлар мен кейбір көрсеткіштердің рейтинг ұпайларына енгізілген өзгерістері жөнінде таныстырып, онлайн жиналысқа қатысушылардың ұсыныс, пікірлерін тыңдауға кезек берді. Комитет мүшелері ұсынылған өзгерістерді қолдайтындықтарын білдірде отырып, ОПК мен қызметкерлер тарапынан алдағы уақыттағы ұсыныстар мен пікірлерді ескеруді және оларды ішкі рейтинг комиссиясында талқылауды ұсынды.

**Шешім:**

Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесінің жобасына (УЕ-ХҚТУ-075-2021) ұсыныстар мен пікірлер ескеріле отырып, Ішкі рейтинг комиссиясында талқылауға ұсынылсын. Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев. Мерзімі: 2022ж. қаңтар айы.

4. 2021-2022 оқу жылына оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттарының индикативті жоспарлары (қосымша тіркелді) көрсеткіштері туралы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев индикативті жоспарлау көрсеткіштері Стратегиялық даму жоспарының мақсаттарын орындауға бағытталған индикаторларға негізделгенін баса айтты. Орталық басшысы оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттарының индикативті жоспарлары үлгісі құрылымдарға және комитет мүшелеріне алдын ала жіберілгенін айта отырып, ұсыныстары мен пікірлерін білдіруді сұрады. Ахмет Ясауи университетінің оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттарының индикативті жоспарлары үлгісін қабылдау туралы оң пікірлер айтылды. Комитет мүшелері индикативті жоспар көрсеткіштерін кафедрларда ОПК жоспарлауы негізінде іске асқандығын және кафедра-факультет деңгейінде индикативті жоспарлау талқыланып, көрсеткіштері Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығымен келісілгенін, және осы көрсеткіштер арқылы түзілген университеттің жалпы индикативті жоспарын қолдайтындықтарын білдірді.

**Шешім:**

Ахмет Ясауи университетінің 2021-2022 жж. арналған индикативті жоспары бекітуге ұсынылсын. Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының бас сарапшысы Т.Көшербаев. Мерзімі: 2021ж. 15 қазанға дейін.



## 5. Өртүрлі мәселелер.

5.1 Ішкі аудитті өткізу және ұйымдастыру туралы құжаттандырылған процедураны актуализациялау және бекіту туралы. Университеттің құжаттандырылған процедурасының бірі Ішкі аудитті өткізу және ұйымдастыру (ҚП-ХҚТУ-9.2-2021) өзгертілген нұсқасын қолданынысқа енгізу туралы (қосымша тіркелді) Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев университеттің ISO 9001:2015 стандарты бойынша сертификатқа ие екенін, стандарт баптары мен атауларының өзгергенін айта отырып, комитет мүшелеріне ұсынылған құжаттықайта бекітудіұсынды. Бірқатар пікір алысулардан соң, көпшілік ұсынысқа қолдау білдірді.

**Шешім:** Университеттің ішкі аудитті өткізу және ұйымдастыру (ҚП-ХҚТУ-9.2-2021) құжаттандырылған процедурасы бекітуге ұсынылсын. Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының бас сарапшысы Т.Көшербаев. Мерзімі: 2021ж. 15 қазанға дейін.

5.2 Түрік стандарттар институты (ТСИ, Анкара) ресертификация аудиті туралы. Ахмет Ясауи университетінің ISO 9001:2015 стандарты бойынша сертификатқа ие екенін және аталмыш сертификат үш жыл сайын жаңарып отыру қажеттігі жөнінде Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев мәлімет берді. ТСИ үстіміздегі жылдың қараша айында сыртқы аудит өткізуі жоспарлап отырғанын және тиісті келісім-шарттарға қол қойылу үстінде екендігі жөнінде де комитет мүшелерін хабардар етті.

**Шешім:** Түрік стандарттар институты (ТСИ, Анкара) ресертификация аудиті туралы хабарлар мен мәліметтер назарға алынсын.

5.3 Даму Стратегиясының жаңа индикаторлары туралы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев баяндады. Ол қазіргі уақытта университетте 2018-2023 жылдар аралығын қамтитын Стратегиялық жоспар қолданыста екендігін айтты. Сонымен бірге, қазіргі уақытта заман талабына сай университеттің бас жоспарына жаңа көрсеткіштер қосу қажеттігі туындағанын, сондай-ақ, Түркістан декларациясына қатысты университет ұжымына қойылар тың талаптар туралы да баса айтты. Университет ректорының бұйрығымен жаңа Стратегиялық жоспарлау кеңесі құрамы құрылғанын, осы бағытта атқарылған жұмыстар жөнінен комитет мүшелерін хабардар етті. Жаңа Даму стратегиясының жобасы барлық құрылым басшыларына, факультеттер мен кафедраларға жіберілгенін айта отырып ұсыныстары мен пікірлерін білдіруді сұрады. Сонымен қатар, университет ұжымына жаңа стратегияның басым бағыттарын талдап-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырлатыны туралы комитет мүшелерін хабардар етті. Комитет жиналысына қатысушылар жаңа Даму стратегиясымен таныс екендігін, ұсыныстарын қосымша жазбаша түрде жолдайтындықтарын білдірді.

**Шешім:** Даму Стратегиясының жаңа индикаторлары туралы мәлімет назарға алынсын.

Стратегиялық даму және  
сапа комитетінің төрайымы

Комитет хатшысы



А.Ошибаева



Т.Көшербаев